

«Ботағөз» бөбекжайы»
КМҚК директорының
7. 06 2022 жылғы
№ 3d бұйрығына
4 Қосымша

**Шарттар жасасу кезінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау
бойынша
ЕРЕЖЕ**

1. Қолдану пәні мен саласы

1. Шарттар жасасу кезінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында (*бұдан әрі – Қасіпорын*) шарттар жасасу кезінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі осы ереже (*бұдан әрі – Ереже*) өзірленді.

2. Ереже кәсіпорынның шарттық қатынастары кезінде туындауы мүмкін Сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруге, анықтауга, бақылауға және азайту жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған шарттарда сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін (*бұдан әрі – сыйбайлар жемқорлық тәуекелі*) болғызыбаудың маңыздылығын айқындайды.

3. Осы Ереже кәсіпорынның ішкі актісі болып табылады. Осы Ереженің негізгі мақсаты кәсіпорынның шарттарында және өзге де актілерінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болдырмау болып табылады.

4. Осы Ереженің күші атқаратын лауазымы мен атқаратын функцияларында денгейіне қарамастан кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне және кез келген сипаттағы азаматтық-құқықтық актілер жасалған барлық адамдарға қолданылады.

5. Сыйбайлар жемқорлық тәуекелі болашақта осы Ережені, кәсіпорынның Комплаенс саясатын, Қазақстан Республикасының Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзуы мүмкін, сондай-ақ осындай тәуекелдердің туындауына ықпал етуі мүмкін әлеуетті оқиғаны (*немесе мән-жайлардың жиынтығын*) білдіреді.

6. Сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау саласындағы өзге де мәселелер кәсіпорынның тиісті ішкі нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

7. Осы Ереженің күші кәсіпорын шарттарындаң барлық турлеріне қолданылады. Ереже кәсіпорынның барлық қызметкерлерімен танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады. Функционалдық міндеттерді жүзеге асыру және қойылған міндеттерді іске асыру кезінде кәсіпорын қызметкерлері осы Ережеде көрсетілген нормаларды басшылыққа алуы керек.

8. Шарттар мен келісімшарттардағы сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін басқару процесінің негізгі қағидаттары:

1) тұтастық-тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде кәсіпорынның барлық актілерінде сыйбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекел элементтерін қарау;

2) ашықтық-сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарауға, сондай-ақ осы қағиданы кәсіпорынның барлық шарттық актілерінде таратуға тыйым салу;

3)ақпараттандыру – кәсіпорынның контрагенттерімен шарттық актілерде объективті, анық және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелдеу;

4)ұздіксіздік-кәсіпорынның мәмілелері мен шарттарында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға арналған мониторинг процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2. Тәуекелдерді анықтау

9.Кәсіпорын кәсіпорынның қызметіне әсер етуі мүмкін шарттардағы әлеуетті оқиғаларды тұрақты негізде сәйкестендіреді және олардың сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен шарттары болып табылатынын анықтайды.

Оқиғаларды анықтау кезінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін, алғышарттар мен мүмкіндіктерді тудыруы мүмкін әртүрлі ішкі және сыртқы факторлар қарастырылады.

10. Тәуекелдерді сәйкестендіру-бұл кәсіпорынның оқиғалардың әсеріне үшырауын анықтау, олардың басталуы кәсіпорын саясатының сәйкестігіне және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына теріс әсер етуі мүмкін.

11.Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бар тәуекелдерге нақты объективті көзқарастың болуы кәсіпорынның Комплаенс саясатын орындауға ықпал ететін тәуекелдерді тиімді басқарудың негіздерінің бірі болып табылады.

12.Кәсіпорынның әрбір қызметкери кәсіпорын шарттарындағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты негізде сәйкестендіре және бағалай алады.

3. Тәуекелдерді бағалау

13.Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау неғұрлым "осал" орындарды айқындау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қолданыстағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері мен олардың мөлшері бойынша ортақ пайым беруге бағытталған.

14.Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау процесі кәсіпорын қызметіне теріс әсер етуі мүмкін, кәсіпорын қызметкери тарапынан да, контрагенттер мен серіктестер тарапынан да сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін неғұрлым маңызды (сыни) тәуекелдерді бөлу мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер дереу қаралуға және осы тәуекелдерді жою және бақылау туралы шешім қабылдауға тиіс.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау әрбір тәуекелдің пайда болу көздері мен себептерін, оларды іске асыру кезіндегі жағымсыз салдарларды және белгілі бір оқиғаның орын алу ықтималдығын қарауды қамтиды.

16. Бастапқыда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау сапалы негізде жүргізіледі, содан кейін олардың ең маңыздылары үшін сандық бағалау жүргізілуі тиіс.

Сандық емес тәуекелдер, оларды модельдеу үшін сенімді статистикалық ақпарат жоқ немесе мұндай модельдерді құру шығындар тұрғысынан орынды емес, тек сапалы негізде бағаланады.

17. Шарттарда орын алатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1) жол берілетін тәуекел-бұл кәсіпорын, қызметкерлер және контрагенттер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупін туғызбайтын шешім тәуекелі, осы комплаенс аймағы шегінде Кәсіпорын саясаты өзінің профилактикалық орындылығын сақтайды, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алады, бірақ олар шекті деңгейден аспайды;

2) жоғары тәуекел-бұл кәсіпорынға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупі төнетін тәуекел, сынни тәуекел аймағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу қаупімен сипатталады, олар шекті деңгейден көрінеу асып түседі және төтенше жағдайда кәсіпорынның бір қызметкерінің қылмыстық және/немесе әкімшілік жауаптылығына әкеп соғуы мүмкін;

3) сынни тәуекел - жүйелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау үшін жағдайлар туындаитын тәуекел, мұндай тәуекелдер жүйелілік тұрақты сипатқа ие болғанда және кәсіпорынның екі және одан да көп қызметкерлерінің тартылуы шамасына жетуі мүмкін. Сондай-ақ, бұл топқа мемлекеттік активтерді ұрлауды жүзеге асыру үшін тікелей қауіппен байланысты кез келген тәуекелдер жатады.

18. Мәмілелер мен шарттардағы барлық сәйкестендірілген, анықталған және бағаланған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімінде көрсетіледі.

4. Тәуекелдерді басқару

19. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында Кәсіпорын ден қою әдістерін айқындаиды және оларды неғұрлым сынни тәуекелден аз сынни тәуекелге дейін жояды.

20. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару кәсіпорын қызметкерлерінің де, контрагенттердің де теріс әсерін және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

21. Мәмілелер мен шарттық қатынастарды қалыптастыруға, жасасуға, қол қоюға және орындауға қатысы бар кәсіпорынның құрылымдық

бөлімшелері комплаенс офицермен бірлесіп Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіруге және анықтауға бағытталған мониторингті және басқа да іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді.

22.Кәсіпорынның барлық келісімшарттарында, шарттарында және басқа да мәмілелер актілерінде кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелері туралы хабардар ету нормасы болуға, сондай-ақ кәсіпорынмен шарттық қатынастары бар барлық контрагенттер, серіктестер, тапсырыс берушілер және басқа да тұлғалар тарапынан тиісті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті талап етуге тиіс.

Контрагенттердің бұл талапты орындамауы қандай да бір міндеттемелерді өтемей, кәсіпорын тарапынан Шартты біржакты тәртіппен бұзы үшін негіз бола алады.

23.Сыбайлас жемқорлық тәуекелін күту және/немесе болдырмау шарттық актілерде көрсетілген және ықтимал теріс салдарға әкеп соғатын операцияларды барынша азайтуға, бақылауға және оларды жүзеге асыруды тоқтатуға немесе одан бас тартуға бағытталған әрекеттерді қамтиды.

24.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту және бақылау:

1)ескерту-шарттар жасасу кезінде белгілі бір тәуекелдің туындау ықтималдығын қысқарту;

2)бақылау-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қысқарту және / немесе осындай тәуекел анықталған, сәйкестендірілген және басталған жағдайда толық жою;

3)әртараптандыру-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін толық жою мүмкін болмаған жағдайларда, оның әлеуетті ықпалын төмендешу мақсатында кәсіпорынның бірнеше жұмыскерлері арасында тәуекелді бөлу.